АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІНІҢ **2021 жылғы 24 ақпандағы ҚАУЛЫСЫ**

1. *Ғылыми жұмыс және цифрландыру жөніндегі проректор С.Қ.Сахиевтің* **«Университеттің 2020 жылғы ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері және 2021 жылға арналған міндеттері туралы» есебін** тыңдай, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

| № | Тапсырма | Орындаушы | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | *Ғылыми жұмыс және цифрландыру жөніндегі проректор С.Қ.Сахиевтің* **«Университеттің 2020 жылғы ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері және 2021 жылға арналған міндеттері туралы»** есебі - *назарға алынсын.* | | |
| 2 | - ҒЗЖ қаржыландыру жүйесін әртараптандыру және қайта құрылымдау тәжірибесін жалғастыру;<br>- түрлі көздерден қаржыландыру көлемін ұлғайту және университеттің ғылымды дамыту қорын құру бойынша әлеуетті демеушілермен жұмысты жүзеге асыру;<br>- ғылыми-зерттеу жобаларын университеттің өз қаражатынан, оның ішінде шетелдік, отандық білім және ғылым ұйымдарымен бірлескен жобаларды қаржыландыру тәжірибесінжалғастыру жүктелсін | Ғылыми жұмыс және цифрландыру жөніндегі проректор м.а. ***С.Қ.Сахиев*** | |
| 3 | - ПОҚ үшін 2022-2024 жылдарға арналған Бағдарламалық мақсатты қаржыландыру, гранттық қаржыландыруға дайындық семинарларын ұйымдастыру (мерзімі - наурыз, сәуір айлары);<br>- зерттеуші-профессор және постдокторлық бағдарламалар стипендиаты лауазымдарына конкурстар өткізу тәжірибесін жалғастыру;<br>- жас ғалымдардың ғылыми жобалары конкурстарын, республикалық ҒЗИ-мен интеграциялық жобаларды, шетелдік педагогикалық университеттермен бірлескен халықаралық жобаларды өткізу тәжірибесін жалғастыру;<br>- педагогикалық университеттердің Еуразиялық қауымдастығымен ынтымақтастықты белсенді дамыту жүктелсін. | *Ғылым департаменті* | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4 | *Ғылым депратменті мен Ғылым кадрларды даярлау басқармасы жұмыс топтарын құрып, келесі құжаттардың жобасын әзірлеу жүктелсін:*<br>- Зерттеу университетіне трансформациялануды Жол картасын | | *20.04.2021* |
| | - Абай ат. ҚазҰПУ Эндаумент фонд Ережесін | | *20.04.2021* |
| | - докторанттардың мерзімінде (уақытылы) қорғауына қол жеткізужәне олардың диссертациялық жұмыстарының сапасын арттыру жөнінде ұсынымдар | | *20.04.2021* |
| | - WoS және Scopus базаларына кіретін шетелдік журналдарда жарияланымдары үшін процентиль бойынша саралаумен ПОҚ материалдық ынталандыру шараларының жаңа жүйесін | | *20.04.2021* |
| | - «Үздік ғалым» және «Үздік жас ғалым» номинациялары бойынша ынталандыру ережелерін әзірлесін | | *05.04.2021* |
| 5 | - ПОҚ арасындаSciVal бағдарламасын, Web Of Science және Scopus базаларымен жұмыс жүргізу аясын кеңейтуге арналған іс-шараларжоспары бекітілсін<br>- Институттың Ғылыми кеңесінің наурыз айындағы мәжілісінде ПОҚ 2020 жылы жарияланымдарының сапасын Ғылым департаменті мен Ғылым кадрларды даярлау басқармасының қатысуымен талдасын.<br>- Сапаны арттыру мақсатында іс-шаралар жоспарын университеттің Ғылыми кеңесіне ұсынылсын. | *Институт директорлары мен Жас ғалымдар кеңесі* | *05.03.2021* |

2. *Білім беру бағдарламаларын жобалау департаментінің директоры **А.М.Байдильдинаның*** «**Университеттің оқу-әдістемелік жұмысының 2020 жылғы**» есебін тыңдап және талқылай отырып, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **1** | – Тақырыптық жоспарды белгіленген мерзімде орындау бойынша жұмысты күшейту.<br>- РОӘК ЖБТ жобалық командаларының қызметі қамтамасыз етілсін. | Білім беру бағдарламасын жобалау департаменті,<br>*Институт директорлары* | *үнемі* |
| **2** | - Академиялық комитет төрағасының мәртебесі туралы Ережені әзірлеп, келесі Ғылыми кеңес мәжілісіне бекітуге ұсыну жүктелсін | Білім беру бағдарламасын жобалау департаменті | *25.03.2021* |
| | - Білім беру бағдарламаларын кітаппен қамтамасыз етуді орындау регламенті бекітілсін | | *05.03.2021* |
| | - ЖАОК (МООК) әзірлеу техникалық жағынан толық қамтамасыз етілсін | | *үнемі* |
| **3** | - Стейкхолдерлердің қатысуымен білім беру бағдарламаларының мазмұны жаңартылсын<br>- Институттар директорлары, институттардың әдістемелік бюросы UNIVER жүйесіндегі ПОӘК мазмұнының сапасы мен толтырылуы қадағалансын | *Институт директорлары* | *25.03.2021* |
| **4** | - 2021-2022 оқу жылына білім алушыларды пәндерге тіркеу және оқытушыны таңдау қамтамасыз етілсін<br>- Бакалавриатта көптілділік форматында оқытылуы ұйымдастырылсын<br>- Бекітілгеннен кейін оқу жоспарларына жаңа пәндерді ауыстыруға және енгізуге тыйым салынсын<br>- Univer жүйесінде сабақ кестесін құру қамтамасыз етілсін | Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры ***Х.Н. Жанбеков,*** Институт директорлары | *25.03.2021*<br><br>*25.08.2021*<br><br>*үнемі* |

3. Математика, физика және информатика институтының *директоры М.Ж.Бекпатшаевтың* **«Математика, физика және информатика институтының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы»** есебін тыңдап және талқылай отырып, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

| № | Тапсырма | Орындаушы | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Университеттің 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы Математика, физика және информатика институтының қызметі қанағаттанарлық деп есептелсін. | | |
| 2 | - 2021/22 оқу жылында аккредиттелген білім беру бағдарламаларының үлесін 60% - ға жеткізу және магистратура мен докторантурада оқитындардың санын білім алушылардың жалпы санынан 18% - ға дейін жеткізу тапсырылсын<br>- ҒЗИ және ғылыми орталықтармен бірлескен ғылыми зерттеулерге қатысатын білім алушылар мен ПОҚ санын арттыру жұмыстарын күшейту жүктелсін<br>- Математика, физика және информатика институтының студентеріне «Толық адам» тұлғасын қалыптастыру жұмыстары күшейтіліп, уақыт талабына сай тәрбиелік-танымдық іс-шаралар өткізілсін<br>- Институтта жұмыс тобын құрып КЦҰҚ-ға өту жоспары , құрылымы жасалып, 2021/22 оқу жылының басында КЦҰҚ енгізуді қамтамасыз ету тапсырылсын | *Институт директоры М.Ж. Бекпатшаев,*<br>*Кафедра меңгерушілері* | *20.08.2021*<br>*01.09.2021*<br>*01.06.2021*<br>*01.08.2021* |
| 3 | - STEAM оқыту элементтерін оқу процесіне кезең-кезеңімен енгізуді қамтамасыз ету тапсырылсын | *Институт директоры М.Ж. Бекпатшаев,*<br>*педагогикалық STEM-парк директоры К.У.Үмбетбаев* | *01.08.2021* |

4. *Ғылыми жұмыс және цифрландыру жөніндегі проректор С.Қ.Сахиевтің* **«6D010900 – Математика» мамандығы бойынша Диссертациялық кеңес құрамын бекіту туралы»** баяндамасын тыңдап және талқылай отырып, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

| № | Тапсырма | Орындаушы | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | - «6D010900 – Математика» мамандығы бойынша Диссертациялық кеңес құрамы бекітілсін. | | |

5. **5.1** *Кәсіби бағдар беру және білімалушыларды қабылдау орталығының менеджері Мусина Гайша Баграмқызының* **«Шетелдік студенттерді қабылдау туралы» ақпаратын** тыңдап, талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

| № | Тапсырма | Орындаушы | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | - Кәсіби бағдар беру және білімалушыларды қабылдау орталығының менеджері Мусина Гайша Баграмқызының «Шетелдік студенттерді қабылдау туралы» ақпараты –назарға алынсын. | | |

**5.2** Математика, физика және информатика институтының *директоры М.Ж.Бекпатшаевтың* **«Математика, физика және информатика институтының аудиториясына физика-математика факультетінің тұңғыш деканы Алимхан Ермековтың есімін беру туралы»** есебін тыңдай және талқылай келе,**ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

| № | Тапсырма | Орындаушы | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | - Математика, физика және информатика институтының аудиториясына физика-математика факультетінің тұңғыш деканы Алимхан Ермековтың есімі берілсін. | | |

6. Осы шешімдердің орындалуын қадағалау Академиялық мәселелер жөніндегі проректор ***А.А.Сатмырзаевқа*** жүктелсін.

**Ғылыми кеңес төрағасы** **Т. Балықбаев**

**Бас ғалым хатшы** **Ж. Сейсенбаева**